

Ураков Д.Дж., Отарбаева Г.К.,* Мусакулова Г.И.

т.ғ.к., доцент, М. Улугбек атындағы Ұлттық университет, Ташкент, Өзбекістан Республикасы

т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

т.ғ.к., аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – ТҮРІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ ЕГЕМЕНДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Автор корреспондент: otarbaeva70@bk.ru

Түйін: Мақалада тарих және археология ғылымдарының докторы, профессор, Түркіменстан Ғылым Академиясының академигі, көрнекті археолог және тарихшы-шығыстанушы М.Е. Массонның Қазақстан ескерткіштерін зерттеуде, Орта Азия мен Қазақстан археологиясының дамуында, Шымкент қаласының мұражай ісінің қалыптасуына қосқан үлесі көрсетілген.

Ғалым ортаазиялық қалалардың тарихи географиясы мен археологиялық топографиясын, жергілікті сәулет, бейнелеу және қолданбалы өнер тарихын, нумизматика, тау-кен ісі мен металлургия тарихын, Орта Азияның гидрологиясы мен метеорологиясын зерттеуге зор үлес қосқаны туралы баяндалған.

Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қайта өрлеуі, егемендік пен тәуелсіздіктің нығаюы жағдайында халықтың тарихы мен мәдениетіне деген ескі догматикалық көзқарасты қайта қарауға мүмкіндік ашылды.

Бұл процеске көптеген ғасырлар бойы жинақталған рухани және материалдық құндылықтардың басты қоймасы болып табылатын мұражайлар елеулі үлес қосады..

Кілт сөздер: Қазақстан ескерткіштері, археология, мұражай жұмысы, тарихи география, Орталық Азия қалалары, жандандыру, өзін-өзі тану

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс пен одан кейінгі саяси оқиғалар Т.Рысқұловты демократиялық интеллигенцияның алдыңғы шоғырынан өсіп шыққан революционер ретінде қалыптастырды. 1916 жылдың 25 маусымдағы патша жарлығына қарсы қарулы көтерілістер болып жатқан кезде ол Әулиеата уезіндегі көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі болып, Мерке ауданында әрекет етіп жүрген халық батыры Ақкөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағыт-бағдар сілтейді. 1917 жылы ақпандағы буржуазиялық-демократиялық төңкерістен кейін Т.Рысқұлов Ташкенттегі оқып жатқан мұғалімдер институтын тастап, Әулиеата уезінің Мерке ауданына келіп бостандық, теңдік, тәуелсіздікті мақсат еткен «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрады. Әулиеата уезінде Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысады. 1917 жылдың қыркүйек айында РСДЖП-ның мүшелігіне өтеді [1].

1918 жылы қарашада Т.Рысқұлов Түркістан АКСР Кеңестерінің VI сиезіне қатысып, Орталық Атқару Комитетінің құрамына сайланып, ТүркОКА-ның аппаратына қызметке ауысады. Қазақ-орыс қатынастарын реттеу, ұрлық, тонаушылықпен айналысқандарға тойтарыс беру, Әулиеата уезінің экономикалық жағдайын жандандыру сияқты мәселелерді шешуге тікелей араласады. Уездік Кеңестің сан түрлі қызметін ұйымдастыра отырып, Т.Рысқұлов бұрынғысынша негізгі күш-жігерін ашаршылықпен күресу ісіне бағыттайды.

1917-1918 жылдары Қазақстанда аштық етек алып, Әулиеата уезінде халықтың жағдайы өте ауыр халде болған сәтте саяси және ұйымдастырушылық белсенділігімен танылған Т.Рысқұлов 1918 жылдың сәуірінде Әулиеата депутаттар Кеңесі атқару комитетінің төрағасының орынбасарлығына, ал шілде айынан бастап төралығына сайланады. Ол аштықты ауыздықтауда күш-жігерін жұмсап, уездік төтенше комиссия ұйымдастырып, ашыққан елді-мекендерде тамақтандыру пункттерін ашады, көктемдегі егіс жұмыстарын ұйымдастыру, қазақ кедейлерін көктемгі егіске қажет тұқыммен, құрал-сайманмен қамтамасыз ету сияқты жұмыстарды атқарады. Ал мамыр айында қазақ еңбекшілерінің уездік сиезін өткізеді. Уездегі бірқатар антиКеңестік кулак көтерілістерін басуға қатысады.

1918 жылы күзде Т.Рысқұлов Түркістан Республикасының Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалды. Аштықпен күресе отырып, халық арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыру, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, Қытайға ауып кеткен жерінен қайта оралған босқын қазақтарға азық-түлік көмегін көрсетуге күш салады. Т.Рысқұлов Түркістан АКСР аштықпен күресу жөніндегі Төтенше Орталық Комиссиясының қызметінде жүріп орасан жұмыстар жүргізді. 1919 жылы наурызда Түркістан Республикасы Кеңестерінің төтенше VII-ші сиезінде Т.Рысқұлов Түркістан Орталық Атқару Комитеттер төрағасының бірінші орынбасары болып сайланады. Осы жылдың көктемінде Түркістан коммунистерінің Мұсылман бюросы құрылып, Т.Рысқұлов оған төрағалық етеді. Оның басшылығымен Мұсбюро дербес ұйымға айналды және Орталықтың өктемдігі мен зорлығына қарсы дәйекті түрде күрес жүргізді, тәуелсіздік жолында және байырғы халықты өзін-өзі билеуге тартуда едәуір жұмыс атқарды. Алайда, В.И.Лениннің және оның Түркістандағы өкілдерінің араласуы Мұсбюроның белсенділігін басып тастайды. Коммунистік ұйымдардың басын біріктіруді желеу еткен большевиктер ақырында Мұсбюроны жойды, ал Тұрар мен оның айналасындағы оларға пантүрікшілдік мен ұлтшылдық ауытқушылық айдары тағылды [2].

Ол жергілікті халық өкілдерін қоғамдық-мемлекеттік істерге тарту, сауатты мамандар дайындау, республика экономикасын дағдарыстан шығару, сұрапыл аштықпен күрес, ұлттар арасындағы алауыздықтарды бәсендету мәселесінде ұтымды саясат жүргізіп, халық игілігі үшін қызмет атқарады. Батылдығы, белгіленген шараларды жүзеге асырудағы ыждақаттылығы, жеке басының кіршіксіз адалдығы, халық игілігі үшін атқарған сан салалы қызметі арқасында Т.Рысқұлов орасан зор беделге ие болды. Т.Рысқұлов Түркістанда мекендеген барлық түркі тілдес халықтардың көшбасшысы болды. 1920 жылдың қаңтарында Түркістан Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып сайланып, күллі Түркістанды басқарған қайраткер деңгейіне көтеріледі.

Мемлекет ісіне белсене араласа жүріп, бай саяси тәжірибелер жинақтап, ол өзінің саяси қайраткер дәрежесіне көтере білді. Жоғарғы үкіметтің сенім артуымен 1924-1925 жылдары ол Коминтерннің Монғолиядағы Халық-Революциялық партиясына көмек көрсету жөніндегі өкілі болып жұмыс істеді және осы елді демократияландыру жолындағы реформаларды жүзеге асыруға қатысты. Оның ұсынысы бойынша мемлекет астанасы – Урга қаласы Улан-Батор («Қызыл батыр») болып аталады. 1920 жылы желтоқсанда Тұрар Рысқұлов РКФСР Ұлт істер жөніндегі Халық комиссарының екінші орынбасары болып тағайындалды, одан кейін бір жыл бойы осы комиссариаттың Әзірбайжандағы уәкілі болып қызмет істейді. Ал 1922 жылдың күзінде Түркістан АКСР-нің Халық комиссарлар Кеңесінің төрағалық қызметіне тағайындалады.

Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік аймағының көптеген салалы экономикасының дамуына үлкен үлес қосты. Оның бастамасы бойынша мал шаруашылығы, егіншілік, мақта өсіру мен жер суландыру сияқты ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің бірінші кезектегі міндеттері шешілді. РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының орынбасары бола отырып, ал Түркісіб темір жолы, Қарағанды көмір бассейні, Балқаш мыс комбинаты, Семей ет комбинаты құрылыстарына аса көңіл бөлді. Т.Рысқұлов қандай қызметте болсын әрқашан да бар талант, жігерімен еңбек етуге күш салды. Республикамыздың өркендеп алдыңғы қатарлы елге айналуын көздеді. Ол жауапты партия мен мемлекет қызметтерін атқара жүріп, ұлттық-мемлекеттік, шаруашылық және мәдени-құрылыс мәселерін шешуге белсене қатысты [3, 176.].

Ұжымдастыру нәтижесінде Қазақстандағы 40 млн мал саны 4,1 млн-ға дейін кемиді. Елді аштық жайлап, жұқпалы аурулар тарады. Елдегі қалыптасқан жағдайды, үкімет тарапынан жіберіліп жатқан өрескел қателіктерді айтып Т.Рысқұлов И.В.Сталинге, қазақ өлкелік комитеттерінің бірінші хатшысы Л.Мирзоянға бірнеше хат жолдайды. Ал 20-шы жылдардың аяқ шенінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанын бастап, зорлық, күштеумен қазақ халқын отырықшыландыруға кірісті. Зорлап отырықшыландыру

барысында бұрмалаушылық, асыра сілтеушілік орын алып, өрескел қателіктер жіберілді. Ф.И.Голощекиннің 1925-33 жылдары Қазақстандағы басшылығы тарихымыздағы 20-30 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің күрт өзгеруіне әкеліп соқты. Ол «Кіші Қазан» саясатын И.В.Сталиннің қолдауымен байлар мен орта шаруалардың мал-мүлкін тәркілеуден бастады.

XX ғасыр басындағы саяси оқиғаларды, әлеуметтік-экономикалық жағдайды қамтиды. Тұрар қаламынан туған патша өкіметінің отарлау саясатының зардаптары, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс барысы, аштық мәселесі, Кеңес өкіметі кезіндегі саяси, мәдени, әлеуметтік жағдайлар, қазақ интеллигенциясының қоғамдағы орны және тағы басқа ғылыми зерттеулері оның білікті тарихшы екендігін көрсетеді. Әсіресе оның «Революция и коренные население Туркестана» (1925), «Қазақстан» (1926), «Восстание туземцев Средней Азии в 1916 году» (1927), «Турксиб» (1930) сияқты күрделі еңбектері Түркістандағы революция барысы, жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтап беретін тарихи маңызды еңбектер болып табылады. Осындай аса үлкен де жауапты қоғамдық-саяси қызмет атқарумен қатар Т.Рысқұлов шығармашылық мәселелермен де шұғылданып, ғылыми жұмысқа да белсенді араласты. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторлық қызметін атқарды. Оның оннан астам іргелі кітаптары 200-дей, мақалалары, баяндамалары, 100-ге тарта тезистері мен хаттары бар. Тұрардың бұл ғылыми еңбектері Қазақстан тарихында баға жетпес құнды дерек болып табылады. Өйткені, оның еңбектері тарих саласымен тығыз байланысты, ежелгі Қазақстан тарихынан бастап [4, 366.].

1920 жылы 20-27 қаңтар аралығында Ташкент қаласында болып өткен ТКП V конференциясы мен Мұсбюроның төтенше III конференциясы түрік халықтарының тарихында маңызы терең әрі Түркістан Республикасының тарихында зор рөл атқарған оқиға болды. Шығыс халықтарының комуннистік ұйымдары өткізген I сиезде қабылданып, РКП(б) VIII сиезінде бекітілген шешімге сәйкес, 1919 жылы 14-31 наурыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен Түркістан коммунстік партиясының II конференциясы «...партияның мұсылман бөлігіндегі партия жұмысына басшылық пен ұйымдастыруды» жақсарту үшін ТКП ОК жанынан Мұсылман бюросын (Мұсбюро) құру туралы шешім қабылдады. Мұсбюро құрамына: Тұрар Рысқұлов (төрағасы), Н. Қожаев, Ю. Алиев, Ю. Ибрагимов және А.Мұхитдинов кірді. Орыс большевиктерінің шовинистік пиғылы мен отаршылдық саясатына қарсы құрылған Мұсбюро өзінің алдына қойған мақсаты мен істеген қызметінде патшалық Ресей тұсындағы Мемлекеттік Думаның жанындағы Мұсылман бюросының жалғасы іспеттес еді.

Осы конференцияларда тұтас Түркістан мемлекетін құру идеясын ұсынған. Т. Рысқұлов басқарған Мұсбюро жеңіске жетті. Осы конференция шешімімен ТКП ұлттық секциялары біріктіріліп, ол «Түрік халықтарының коммунистік партиясы» (ТХКП) деп өзгертілді.

Бұл тезистер Тұрар Рысқұлов даярлаған нұсқада III Мұсконференцияда толығымен қабылданады. Бұл түрікшілдік қозғалыстың тарихында бұрын – соңды болмаған, тұтас Түркістан идеясын жүзеге асырудың нақты қадамы болған тарихи құжат болатын. Партия саласы бойынша істі біршама реттеп алғаннан соң, Тұрар Рысқұлов өзінің негізгі идеясын іске асыру әрекетіне кіріседі. Ол – Түркістан Республикасын «Түрік Кеңес Республикасына» айналдыру идеясы болатын. Мұсбюроның төтенше III конференциясының 25 қаңтарда өткен мәжілісінде Тұрар Рысқұлов «Түркістан Республикасының автономиялылығы туралы тезистерін» талқылауға ұсынды.

Түріккомиссиясының отаршылдық пиғылын анық сезінген Т.Рысқұлов басқарған Мұсбюро өзінің әрекетін тактикалық жағынан өзгерте бастады. РКП (б) ОК және Түріккомиссияның шовинистік пиғылы мен отаршылдық саясатына қарсы қорғаныстық идеология ретінде түрікшілдік бағыт, яғни тұтас Түркістан идеясы таңдап алынды. Оны жүзеге асырудың жолы ретінде төмендегідей екі бағыт белгіленді:

Түркістанда өмір сүріп жатқан халықтарды түрік идеясына біріктіру арқылы

республиканы құқықтық жағынан түрік халықтарының республикасына айналдыру. 2.Республиканы мекендеуші түркітілдес халықтардың жеке-жеке ұлттық республикаларын құра отырып, оларды түрік конфедерациясына біріктіру. Бұл екі бағытта да көптеген жұмыстар жүргізілді. Мұсбюроның талап етуімен 1919 жылы қараша айында Түркістан Республикасының ұлт істері жөніндегі халық комиссиариатының құрылымында үлкен өзгерістер болып, өзбек, түрікмен, қырғыз(қазақ) және т.б. мұсылман бөлімдері жойылды да, орнына тұтас түрік бөлімі ұйымдастырылды [5, 876.].

Біз бұл жерден Т.Рысқұловтың алдымен ұятшыл, содан кейін түрікшіл болғандығын көреміз. Сол кездегі ірі саяси, экономикалық әрі мәдени-рухани орталықтардың бірі болған Ташкент қаласын Қазақстанның астанасына айналдыра отырып, шашылып жатқан қазақ жерлерін біріктіру идеясы сол тарихи кезеңде ең ұтымды идея болатын. Саны жағынан түрік халықтары арасында Түркия түріктерінен кейінгі екінші орынды иеленетін және Ә.Бөкейхан айтқандай «мәдениет жолында бізден де төмен» өзге Түркістандық түріктердің арасындағы ең сауатты, көзі ашық халық ретінде қазақтардың бұл орынды иеленуі әбден орынды болар еді. Қазақстанның астанасы ретінде Түркістан өлкесінің орталығында орналасқан Ташкент қаласының ұсынылуы Т.Рысқұлов тарапынан жасалынған, нақты мақсатқа бағындырылған әрі өзге түрік халықтары тарапынан дәл сол кезеңде қолдануға ие болған әрекет болатын. Жоғарыда атап көрсетілген екі бағыттың алғашқысын жасырын қалдырған Т.Рысқұлов, 1919 жылы күз айларында, негізінен, ұлттық республикалар құрамына өз халықтарын біріктіру мәселесін қолға алды. 1917 жылы өткен екінші жалпы қазақ-қырғыз сиезі күн тәртібіне қойған қазақ жерлерін біріктіру мәселесін ары қарай жылжытқан Т.Рысқұлов біріккен қазақ жерлерінің астанасы ретінде Ташкент қаласын белгілеуді талап еткен еді. Себебі қазақ халқының жартысынан астамы Түркістан өлкесін мекендейтін, сондай-ақ көшпелі қазақ аймақтарына қарағанда халқы тығыз орналасқан, шаруашылықтың тұт-түрі дамыған Түркістанға қарасты қазақ жерлері арқылы өзге қазақ жерлерін әкімшілік жағынан басқару, шаруашылығы мен мәдени-тұрмыстық өмірін ұйымдастыру ана ғұрлым оңай болар еді. Екіншіден, Ташкент қаласын Қазақстанның астанасына айналдыра отырып, қазақ жерінің астанасын тұтас түрік конфедерациясының да орталығы болуын қамтамасыз ету арқылы қазақ ұлтының алдыңғы қатарлы жетекші ұлт болуын қалыптастыру болатын.

«Қазіргі социалистік құрылыс кезінде территориялық қана емес, сондай-ақ ұлттардың арасындағы шекаралық белгілерде бірте-бірте жойылатын уақытта, Түркістанның бес облысының шегінен тұратын географиялық шекарасы қандай да бір тұйықталған шекара деп саналмай, қайта Түрік Кеңес Республикасының құрамына мүшелікке өткісі келе жаңа республикалардың қабылдауына мүмкіндік бар деп есептелсін». Кейін Мұсбюроның төтенше мәжілісінде Т.Рысқұлов «Түркістан Республикасының автономиялығы туралы» баяндамасын оқып, «Түркістанның автономиялығы туралы тезистерін» талқылауға ұсыныс жасайды. Енді осы тезистердің тұтас Түркістан идеясына қатысты ең өзекті 4-бабына тоқтала кетейік. Бұл бап тұтас Түркістан мемлекетін құруға негіз қалайтын ең өзекті бап болып табылады. Ал 6-бап мазмұн жағынан 4-бапқа жақын әрі коммунистік интернационализм мен үгіт арқылы түрікшілдік идеясын бүркемелеуге тырысушылығымен айқындалады. Онда: «Еңбекшілер мен қаналған халықтарды интернационалды жолмен біріктіру мақсаты үшін түрік халықтарының: татар, қырғыз (және қазақ), башқұрт, өзбек және т.б. болып бөлініп, жеке ұсақ республикалар құруға ұмтылу идеясын коммунистік үгіт жолымен жою және бір тұтастық мақсаты үшін РСФСР құрамына кіретін басқа түрік халықтарын территориялық белгілеріне қарай өзара біріктіруге ұмтылу керек», - делінген болатын. Бұл бапта тұтас Түркістан идеясын жүзеге асырудың жолы ретінде белгіленген екі бағытта қарай қамтылған еді.

Бұл конференциялардың барлық шешімдері жоққа шығарылып, жағдай бұрынғы қалпында өзгеріссіз қалатыны жарияланды, яғни Түркістан Республикасы РСФСР құрамындағы автономиялы республика немесе нақтырақ айтқанда, Ресейдің ішкі

облыстары дәрежесіндегі әкімшілік-аумақтық бірлестік, ал ТКП РКП (б) құрамындағы небары облыстық комитет құқығын ғана пайдалана алатын бөлімше болып қала беретінін мәлімделді. Осы шешімді наурыз айының соңында ресми бекіткен РКП (б) ОК Т.Рысқұлов идеясын іске асыртпай тастады. Жауаптың кешіктірілуінен Т.Рысқұлов қатты мазасызданып, ақпан айының басында В.И.Лениннің атына жаңа жедел хат жолдайды. Бұған жауап ретінде 1920 жылы 22 ақпанда М.Фрунзе мен оның бас штабы Ташкентке келеді. М.Фрунзе өзінің Ташкентке келуіне байланысты жариялаған бұйрығында: «Социализм атынан Түркістандағы жолдастарға жәрдем беру үшін орталықтан келген әскери күштерді құттықтаймын», - деген еді. Конференциялар аяқталысымен-ақ Т.Рысқұлов оның шешімдерін бекітуді өтініп, РКП (б) ОК – не хат жолдайды. Орталық бұл шешімді өте салқын қабылдап, ұзақ уақыт жауапсыз қалдырады. Ал 1920 жылы 23 ақпанда толық құрамда жиналған Түріккомиссия мәжілісінде М.В.Фрунзе ТКП V конференциясы мен Мұсбюроның төтенше III конференциясының шешімдерін «пантүрікшілдік», «панисламшылдық» және «буржуазиялық-ұлтшылдық» шешімдер ретінде барынша қаралады [6, 434б.].

Осылайша Кеңестік Ресей империясы Түркістан өлкесін өзіне толық бағынышты отар ретінде сақтап қалды. Егемендік идеясының жаршысы болған Мұсбюро саяси жеңіліске ұшырағанымен, оның идеясы өшкен жоқ. Ол эмиграцияда жүрген М.Шоқай, А.З.Уәлиди, А.Ысқақи, В.Каюм, Б.Хайт және т.б. сынды түрік мұғажырлары тарапынан кең қолдау тауып, өзінің заңды жалғасын тапты. Бүгінгі таңда да біртұтас Түркістан идеясы мыңдаған түрік зиялылары мен қайраткерлері үшін қасиетті әрі болашағы бар идея ретінде өмір сүруде. Сондықтан Мұсбюро мен Т.Рысқұловтың тарихи қызметі халық жадында мәңгі сақталмақ. 1920 жылы мамыр айында Т.Рысқұлов В.И.Лениннің қабылдауында болып, егемендік идеясын жүзеге асыру жолында соңғы әрі шешуші әрекетін жасайды. Бірақ В.И.Ленин «Түрік Кеңес Республикасын» құру туралы идеяны қабылдамай тастады. Ал идеяны көтерген Т.Рысқұлов пен оның Мұсбюродағы жақтастары 1920 жылы 18 шілдеде отставка жариялауға мәжбүр болды.

Тұрар түркітілдес халықтардың конфедерациясын жариялы түрде ұсынып, экономикалық-саяси жақтан тәуелсіз болуды армандаған. Қанаушылықты, отаршылдықты, шовинизмді, ұлттық саясатты бұрмалаушылықты орталық үкіметке ашық жеткізген. Ол шаруашылықтың барлық саласына ұтымды ұсыныстар айтты. Біз әлі күнге Тұрардың айтқандарын қайталап жүрміз...»

Ұзақ жылдан бері елімізде тұлғатану, қазақтану жүйелі түрле жолға қойылмаған. Соның бір дәлелі – Тұрар Рысқұлов өмірі мен шығармашылығының толық зерттелмей жатқандығы. Әйтпегенде Тұрар әлемдік деңгейдегі ірі саясаткерлердің қатарынан әлдеқашан орын алар еді. Айталық, Мұстафа Кемал Ататүрік 1923 жылы Түркия Республикасын құрса, Тұрар 1919 жылдың өзінде Түркістан Республикасының құрамындағы Сырдария облысы, Жетісу облысын Қазақстанға қосып, Ташкент қаласын бүкіл түркілерді шоғырландыратын астана жасауды, соның негізінде Түркия Республикасын құруды айтқан. 1921 жылы Әзірбайжан компартиясының III сиезінде сөйлеген сөзінде Тұрар Рысқұлов Ататүрік бастаған ұлт-азаттық көтерілісін қолдады сол кезеңде Тұрар Азия құрлығындағы Қытай, Үндістан секілді мемлекеттердегі көтерілістің келешегін болжап, жеңіске жететінін айтып кеткен [2, 87б.].

1919-1934 жылдар аралығында Т.Рысқұлов жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе акционерлік қоғам құру арқылы шағын және орта бизнесті дамыту туралы бірнеше рет мәселе көтерген. Сондай-ақ экономикалық дамуымыздың базалық негізі геологиялық басқарманы құруды 1928 жылы ұсынды. Соның нәтижесінде қазба байлықтар ашылып, экономикамыз жан- жақты дамыды. Ол – әлемдік, ортаазиялық, ресейлік бірнеше экономикалық одақтың негізін қалаушы. Соның бірі – 1923 жылы Ян Эрнест Рудзутак екеуі ұсынған Иран Республикасы мен Түркістан Республикасының арасындағы кедендік одақ. Сол жылы Бұқара, Хиуа, Түркістан Республикасының арасында да экономикалық одақ құрылды. Біз қазір Ресей, Белорусия, Қазақстан арасындағы кедендік одақты құрып

отырмыз.

Ол сол арқылы Еуропа мен Азия халқын жақындастыруды көздеді. 1926 жылы ұлттық республикаларды, өлкелерді индустрияландыру тұжырымдамасын әзірледі. Үлкен өндірістік орталықтардың айналасында қосалқы шаруашылық құруды Тұрар 1930 жылы айтса, біз Астана, Алматы және басқа өндірістік ірі қалалардың төңірегінде азық-түлік белдеуін құруды кейін қолға алып отырмыз. Осыдан-ақ оның шарушылықты ұйымдастыруда қаншалықты көрген басшы болғандығын байқауға болады. Ұлттық Республикалардың тағдырын ойлаған Тұрар 1923 жылы Ресей коммунистік партиясының XII сиезінде ұлттық-одақтық Кеңес құруды, ұлттық республикаларды экономикалық аудандау керектігі туралы баяндама жасады. 1924 жылы еуразиялық идеяны ұсынғанда Т.Рысқұлов болатын.

Рысқұлов басшылық қызметте жүргенде 1920 жылы Түркістан үкіметінің шешімімен Ташкентте Қырғыз-қазақ институты ашылса, 1924 жылы Мәскеуде Шығыс халықтарының университеті шаңырақ көтерді. 1928 жылы Алматыда Қазақ университеті, 1929 жылы малдәрігерлік институты, 1930 жылы ауылшарушылық институты ашылады.

Қазақ елінің тәуелсіздік үшін күрес тарихындағы Т.Рысқұловтың осы еңбегі қазірге дейін айтылмай келе жатыр. Т.Рысқұлов 1936 жылы Орталық Атқару комитетінің тұрған кезінде және Ресейдің Совнарком төрағасының орынбасары қызметін атқарған кезде Қазақстан мен Қырғыстанның одақтық Республика болуына ықпал етті. Бұл оның еліне сіңірген зор еңбегі деуге болады. Өйткені Қазақстан одақтық республикалық дәрежесіне жетпегенде Башқұртстан, Татарстан, басқа автономиялы республикалар сияқты Ресей Федерациясының құрамында қала берер еді. Өзінің сотталар алдындағы соңғы сөзінде Т.Рысқұлов Қазақстан мен Қырғыстанның одақтық республика болуын мақтанышпен айтып кеткен.

Халықаралық дәрежеде қызымет атқарған қайраткеріміздің оқыған, сапарда болған, еңбек еткен елдеріне экспедиция ұйымдастырылмапты. Қазақтан шыққан саясаткердің Бейжіңде болып, Қытай мен Моңғолияның арасында дипломатиялық қатынасты жақсартқаны 1923 жылы Берлиндегі студенттердің хал-жайын біліп, «Германиядағы біздің студенттер» деген мақал жазғаны да назардан тыс қалуда. Жалпы, Тұрар өмірі туралы көлемді фильм түсірілсе де, артықтық етпес еді. Тұрар Орта Азия зиялыларының Мәскеуде білім алуына, өсіп жетілуіне тікелей ықпал етті. Н.Нұрмақов, С.Мендешев, Д.Қонаев, М.Сұлтанғалиев, Қ.Сәтбаев, Ю.Абдрахманов, Т.Айтматов, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, С.Аспендияров, М.Әуезов, Ә.Диваев, т.б. азаматтарға көптеген қамқорлық жасады. Әлихан Бөкейхановты абақтыға жапқанда Сұлтанбек Қожанов екеуі Сталинге телеграмма жазып, Әлиханның абақтыдан босауына атсалысты. Сол кезеңде бүкіл Алаш зиялылары Т.Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов сияқты белгілі тұлғалардың төңірегіне Ташкентке шоғырланды. Ол 1922-1924 жылдар аралығында Халел Досмұхамедов басқарған «Талап» қоғамына да қаржылық көмек көрсетіп, ғылымды дамытуға үлес қосты. Шындығында, қазаққа, жалпы түркі халықтарына қыруар еңбек сіңірген Тұрар есімі бұл күнде көптеген еленбей жатқаны өкінішті-ақ. Тіпті Тұрардың атында музейде де жоқ екен. Мәскеуде, Тәшкентте, Бішкекте, Бакуде, Қазанда, Ұланбатырда, басқа шетелдердің архивтерінде Тұрардың кемінде 20 томнан асатын еңбегі жатыр. Солардың басы-аяғы жинақталмаған. Шетелдегі қайраткер тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылмаған. Тіпті өзіміздің Алматы мен Астана да Тұрардың монументалды ескерткіші жоқ [7, 11б.].

Тұрар Рысқұлұлы – халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы, кесек тұлғалы, дара саяси қайраткерлерінің бірі. Елінің бостандығы мен тәуелсіздігін, түрік тілдес халықтардың бірлігі мен ынтымағын аңсаған парасатты да зиялы азамат. Қазақтардың терезесін басқа ұлыстармен тең ету жолында жанын салған қайсар күрескер ол. Ел басына күн туғанда ұлтын қызғыштай қорғаған асылдың сынығы. «Ештен кеш жақсы» дегендей бүгінде біз Тұрар сияқты ардақты тарихи тұлғалардың қадіріне енді ғана жете бастағандаймыз. Тұрар өмірі – оның кейінгі ұрпақтарының рухын жандандыратын

үлкен мектеп. Уақыт жылжыған сайын бұл мектептен алатын тағылымымыз қомақты да салмақты бола түсер. Саясаттың сай-саласында халық уақытша көз жазып қалған тарихи тұлғалардың туған ортасына қайтып оралу жолдары күрделі-ақ. Тұрар Рысқұлұлының ғұмыры қандай қат-қабат қиыншылыққа толы болса, оның ардақты атын жөн-жосықсыз қаралайтын жаладан, аяусыз баттастыра жағылған қара күйеден арылту ісі де сондай қиын. Ол 1957 жылы қағаз жүзінде ресми ақталғанымен, «Алашшыл», «түрікшіл», «ұлттық мүдде» деген ұғымдардан қатты тітіркенетін әкімшіл-әміршіл жүйенің идеологиялық функционерлері Тұрардың өмірбаянын зерттеуді жолға қоймақ түгіл, оның есімін ауызға алдырмау үшін қолдан келгендерін істеп бақты.

Осындай қолдан жасалған кедергілерге қарамастан қалың қазаққа Тұрар тұлғасының жаңа қырларын Шерхан Мұртаза дер кезінде таныта білді. Тұрардың қайта оралуына Шерханның «Қызыл жебе» романының алғашқы кітаптары жол салып берді десек қателеспеспіз. 1938 жылы жазықсыз, тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Тұрардың бейнесі аға ұрпақтың есінде қаз-қалпында сақталғанымен халықтың кейінгі толқыны ол туралы шындықтан шала-шарпы хабардар еді. Міне сондықтан да Тұрар Рысқұлұлының өз халқы алдында атқарған қыруар еңбегінің жан-жақтылығын, ауқымдылығын шынайы ашып көрсеткен жазушы Шерхан Мұртаза шығармасы орны бөлек туынды. Ал Шерханның өзіне келсек, ол алғаш рет Тұрар есімін ақтауға әрекеттенген Рахымалы Байжарасов қарт екендігін қайталаудан бір жалыққан емес.

Әрине, бүгінде Рахымалы ақсақалдың «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшы қызметкерлерінің үрейін тудырып, оларды әжептәуір дүрліктірген «Социалистік Қазақстандағы» (1960, 19 қазан) мақаласын оқығанда бар, оқымаған да бар. Тұрардың ардақты есімін жаңғыртуға ұмтылған, содан өзі де қуғын көріп көз жұмған қажырлы Рахымалы қарияның аруағына бас ию ләзім. Дегенменде осы көптеген ойға жетелейтін қайғылы жайды талай насихаттап, Р. Байжарасовтың ерлік ісіне тиіеті әділетті бағасын беруді өзінің азаматтық борышы санаған Шерхан Мұртазаның турашылдығын қалай мойындамассың [8, 146.].

Шоқтығы биік арыстарымызды бүгінгі болмысымызды тиісінше бағалай алмауымыздың басты бір себебі – авторлардың өздерінің өресінің тарлығы, зерттеушіліктің солақай, және кемшін түсіп жатуы. Сондықтан да болар, бүгінгі шығармашылықта кейде тарихта болған нақты адамнан гөрі суреткердің қиялынан туған жалған кейіпкерлер шындыққа анағұрлым жақынырақ тұрып, оқырмандарға тартымды келеді. Қазақ тарихнамасында өткенге сыншыл көзбен қарау дәстүрінің іргетасын қалағандардың бірі Рысқұлұлы Тұрар еді. Осы игі дәстүрді Тұрардан сәтті қабылдап, оны лайықты түрде жалғастыра білген Шерханның Тұрар жайындағы шығармаларына үлкен батылдық, еркін ой, сыншылдық тән.

«Қызыл жебе» романының қолымызға тиген төрт кітабында Тұрардың өнегелі өміріне байланысты оқиғалар желісі нақты тарихи деректерге сүйеніп өрбиді. Романның беттері автордың тақырыпты көркем сөз шебері – жазушыдан гөрі, құбылыстың мән-маңызын, себеп-салдарын терең талдап саралайтын білгір зерттеуші – ғалымдарға тән тыңғылықтылықпен зерделегенін айғақтайды. Шерхан пайдаланған кейбір архив құжаттарының түпнұсқалары маман-тарихшыларға да үлгі боларлықтай асқан ыждағаттылықпен талданып, ой елегінен жанжақты өткізілген деуге толық негіз бар. Шерхан «Қызыл жебе» арқылы қазақ әдебиетіне бірегей ғұмырнамалық соны шығарманы ғана емес, сонымен бірге тарихи-танымдық мәні зор зерттеу дүниені де ала келді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты деректерге жүгінелік. Тұрардың өз ел-жұрты алдында сіңірген еркше еңбегі, ерен ерлігі неде? деген сұраққа Шерхан; «миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен оның өмірінің екі кезеңі дер едім» дей келе өз шығармасында 1918-1919 жылдардағы Түркістанда және 1932-1933 жылдардағы Қазақстандағы үлкен аштықта халқын қорғаштаған Тұрардың жанқиярлық қызметін айрықша бөліп көрсетеді. Бұл жерде Шерхан объективті шындықты, Тұрардың азаматтығының, күрескерлігінің ең биік зерделі бедерін айна-

катесіз байқай білген [9, 65б.].

Иә, елдің бәрі Шерхан емес. Осынау ел басына күн туған тұстағы Тұрардың қайсар тұлғасын көмескілеп көрсеткендер де бар. Мысалы, осы біз үшін айрықша маңызы бар мәселе жайында Тұрар өмірін арнайы зерттеген мәскеулік партия тарихшысы В. Устиновқа құлақ қойсақ, мұндай «құсақ мәселеге көңіл бөлмеуге де болады екен. Т. Рысқұлұлының қызметіне арналған көлемді монографиясында ол 1932-1933 жылдардағы сұрапыл зұлмат үстінде Тұрардың өз жұртына арашашы болғанын назарына да ілмей, Т. Рысқұлов Қазақстанда қалыптасқан жағдайды білу үшін бір топ қызметкерлерді жіберді дегендей атүсті пікір айтуға ғана жараған. Тұрар туралы тарихи шындықты қалпына келтіруде, оны әділетсіз саяси айыптаулардан ақтауда Шерхан көркем әдебиеттің күдіретін мейлінше таныта білген. Шерхан романының алғашқы үш кітабы төрткүл дүниенің текетіресіп қарсы тұрған кезінде (ақтар-қызылдар, қанаушылар, каналушылар, дос-дұшпан, капиталистік-социалистік әдебиетте: жағымды және ұнамсыз кейіпкерлер деген түсініктер берік орныққанда психологтар мұның бәрін сәбилердің ойлау тәсілі деп те атайды) жарық көрді. Партия идеологтары кезінде тоталитарлық жүйе жаңадан қалыптаса бастағанда Тұрарды «ұлтшыл уклонист», «пантүркішіл», «Рысқұловшыл» оппортунистік ағымның (жіктің, топтың) басшысы» деген әртүрлі айдарлар тағып қуғынға ұшыратса, кейіннен әміршіл-әкімшіл жүйе әбден орныққанда оны «нағыз большевик», «қажырлы революционер», «адал лениншіл» деп марапаттап Тұрарды өздерінің коммунистік тәрбие беру ісіне қажетті тұлға ретінде пайдалануға тырысып бақты.

«Аққа құдай жақ» деген аталы сөз бар. Нақты тарихи деректерге сүйене отырып, Шерхан озбыр әкімдер мен олардың жергілікті жандайшаптарының Тұрарға таққан «ұлтшыл», «халық жауы» деген айыптарының мүлде негізсіздігін, халқымыздың шын жауы Голощекин және Сталин тәрізділер сондай-ақ олардың ірілі-кішілі қолшоқпарлары екендігін қалтқысыз дәлелдеді. Шерханның романында кейіпкерлерді тапқа бөліп жіктеу жоқ, әлеуметтік тегі жат деп жазғырылғандардың ішінде большевик фанатиктерінен сана-сезімдері әлдеқайда биік тұрған қандастарымыздың аз көрініс бермейтіні де сондықтан. Бұл кейіпкерлерді бүгіндері жалпыадамзаттық (таптық емес) көзбен саралайтын болсақ, олардың «шолақ белсенді» коммунистерден әлеқайда еңселі де шоқтығы биік тұлғалар екенін аңғарар едік.

«Қызыл жебенің» алғашқы үш кітабы жарық көргенде, сыншылар Шерхан жалынды большевиктің партия солдаттарының бейнесін жасады деп сан-саққа жүгірте әңгімелеген болды. Тарихтағы Тұрар мен романдағы Тұрар туралы ақиқатты уақыт атты әділ, әрі қатал төреші алда да айта жатар. Десек те, бүгінгі күні басы ашық, айқын нәрсе, біздіңше, Шерхан сомдаған Тұрар бейнесі өмірлік мақсатында бірінші кезекке большевизмді де, революцияны да, ленинизмді де емес, өз халқының, өз ұлтының, түрік қандастарының мүддесін бәрінен де биік қойып, сол үшін басын қатерге тіккен алаш азаматы. Партиялылық деген Тұрардың түсінігінде өз халқына пайдалы қызмет ету еді. Ол басты мақсат – отаршылдықтың бұғауынан қазақ халқының босанып шығуы оңай іс еместігін жақсы сезінді. Бұл жолда туысқан халықтарға (өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, тәжік, қарақалпақ) адал берілген, қандас халықтардың өз ішінен шыққан ортақ партия – түрік коммунистік партиясы керек деп ойлады. Бұл партия, Тұрардың ойынша, ең басты игі мұратқа – Қазақстан мен Орта Азия еңбекшілерін өз мемлекетінің шын мәніндегі қожаларына айналдыру жолындағы күреске жұмылуға тиіс.

Саяси жағынан алғанда Шерханның Тұрар жайындағы шығармалар жүйесінің (романы, пьесасы, әңгіме, очерктері) арқауы коммунист Тұрар емес, халқының жанашыры осы игі мақсат үшін коммунист, өз ұлтының қамқор перзенті болған Тұрар дер едік. Сайып келгенде, Тұрар большевиктер партиясының мүддесі үшін емес, туған халқының арман-тілегі, болашағы үшін өзін-өзі өртеп, өзгеге жылу берді. Ш. Мұртазаның Тұрар тақырыбындағы ірілі-кішілі әр жанрда жазылған туындыларын қай жағынан сараласаңыз да олардың талай ғылыми мақалаларға және олардан да зор зерттеулерге өзек боларлық кесек ойларға жетелейтіні даусыз. Біз бүгін, жоғарыда аталған себептерді еске ала

отырып, Шерхан шығармаларындағы кейбір тарихи тұлғалардың саяси келбетіне қысқаша тоқтағанды жөн көрдік.

Кейіпкерлердің саяси қайраткерлігі, түр-сипаты Тұрармен қарым-қатынаста ашылады. Бұл қатынас, шартты түрде алсақ, мынадай жүйемен жасалған: әке мен бала (Рысқұл – Тұрар, Тұрар – халық, Тұрар – Ленин, Тұрар – Сталин, Тұрар — Голощекин, Тұрар – шовинистер, Тұрар – Түрккомиссия, Тұрар – басмашылар қозғалысы, Тұрар – Моңғолия т. б. Бұл қатарлардан оқырманды әсіресе Қызықтыратын Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Әубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов, Санжар Асфендияров, Сұлтанбек Қожановтардың есімдерімен байланысты жайттар. Әрқайсысы дербес зерттеу объектісіне айналайын деп тұрған жеке тақырыптық тың тұлғалар бұлар. Енді өзіміз келтірген жүйедегі Тұрардың басқалармен қарым-қатынасын аша түссек.

Тұрар – Ленин. Тұрар өмірде де, Шерханның романында да Ленинмен ортақ түсінікке, бір түйінге келе алған жоқ. Сөз жоқ, бұл екі ұлы тұлғаның өзара қатынасын суреттеу зерттеуші – жазушы Шерханға оңайға түскен жоқ. Тұрардың Ленинмен кездескен тұсын сипаттаған эпизодтан кейін қаламының әрі жүрмей қойғандығын автордың өзі де мойындайды. Тұрардың Түркістан автономиясы жөніндегі жобасын қабылдау-қабылдамау Лениннің өзіне, оның қандай дәрежедегі интернационалист екендігіне сын еді. Тұрардың жобасы Түркістан халықтарының шынайы тілегі болатын, Ленин, өкінішке орай, түркістандықтардың талап-тілегін ысырып тастап, одан большевиктік орталықтың, Мәскеудің мүддесін әлдеқайда жоғары қойды. Тұрардың да өз шындығы бар. Ол осы бағытынан өле-өлгенше тайған жоқ. Лениннің тұңғыш ойшылдығы да, Сталиннің қаныпезер зұлымдығы да Голощекиннің жатаберіс зымиян қулығы да Тұрарды алған бағыттан тайдыра алмады.

Тұрар – Сталин. «Қыл көптегенірі» мен «Сталинге хатта» қайсысының жеңгенін әділеттілік пе, әлде зұлымдық па, өтінуші Тұрар ма, әлде билеуші Сталин бе – Шерхан мұның төрелігін айтуды өзінің оқырманы мен көрерменінің еншісіне қалдырыпты. Десек те, біздіңше, жеңіске жеткен қазақтың ұлы. Әділетсіздікке төзбейтін Тұрардың қайсар мінезінің шегіне жете ширыққанын оқып-білдік, ардақты ағамыздың туған ұлтының болашағы үшін жанын пида еткеніне де көзіміз жетті. Қу жақтың орнына Мырзажанды лауазымды қызмет Қазақстанды билеп-төстеуге келтіріп, ел-жұртымыздың жартысын жер бетінде сақтап қалғандығын да білдік. Аман қалғандардың ұрпақтары сіз бен біз Тұрар аруағына бас иіп өтеміз. Балаларымызға да осылай етуге өсиет етеміз.

Тұрар – Жанша, Мұстафа. Қазақ әдебиетінде Жанша Досмұхамедов сынды парасат иесін, үлкен жүректі адамды алғаш рет ұнамды кейіпкер ретінде шынайы суреттеген де Шерхан болар. Осындай жылылық пен ілтипат Тұрардың Мұстафа Шоқайға көзқарасында да айқын сезіледі. Жазушының бұл екі қайраткер жайында кіндік ой қозғауына олар туралы нақты тарихи деректердің аздығы қол байлау жасады. Өйткені, Шерхан «дерексіз тарих – тұл» деген Қағиданы берік ұстанған жазушы.

«Жұлдыз көптегенірден» де, «Қыл көптегенірден» де Мәскеудің Түркістандағы өкім-өкілдері мен Тұрар арасында терең өткелсіз құз жатқандай сезім аласыз. Осы жағдай орталықтың комиссарлары мен жергілікті бұқара арасындағы қарым-қатынаста да анық көрініс береді. Керісінше, бір қарағанда әртүрлі ағымдардың өкілдері болып табылатын қазақ саяси қайраткерлерін өзара бөліп тұрған мұндай терең қайшылық ашық бой көрсете алмаған. Мұның себебі – олардың түпкі мұраттарының бір жерге келіп түйісетіндігінде жатыр.

Туған халқының мұң-мүддесін толымды түрде білдіру, жұртының жанына батқан ауыртпалықтармен күресу – қазақ зиялыларының саяси қызметінің басты сипаты. Қазақты іштен жегідей жеген рушылдық пен жікшілдік және бас біріктіруге ұлттық бірлікке ұмтылған қозғалыс – міне осы екі нәрсе үнемі қатар жүрген қоғамдық процесс бағыттары. Бұл Шерханның Тұрар өнегесін зерттеушілікпен саралап талдағаннан кейінгі әділ тұжырымы. Осы тұста Әлихан, Ахмет және Міржақыптардың «Қазақ» газетінің Семей алашшылдарының «Сарыарқасының», «Абайының», «Мұстафа Шоқайдың «Бірлік

туының», Көлбай Тоғысовтың «Алаш» пен «Үш жүзінің» бүкіл қазақты тегіне, байы мен жарлысына қарамай ұлттық ынтымақ пен ауызбірлікке шақырудан жалықпаулары шындығын бейнелейтін маңызды жәйттер Тұрар тәрізді Шерханды да халық тағдыры, елдің бүтіндігі терең толғандырады.

Шерхан Кеңес қоғамтанушы ғалымдарының әдетте жалпылама сөздермен бүркемелеп, немесе мүлде орағыты кететін Тұрар есімімен байланысты Түркістан тарихының «қиын» тұстарын талдауда да өз кейіпері Тұрарға тән батылдық көрсетеді. Осындай күрделі мәселелердің бірі – Түркістанның болашақ мемлекеттік құрылысы жайындағы Мәскеу мен Тұрар арасындағы талас Шығыстың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерін жете ескермей, бар мәселелерді таптық позициясының тар шеңберінде шешпек болған большевиктік саясаткерлерге Тұрар бастаған жергілікті қайраткерлер Түрік республикасы идеясын қарсы қойды. Тұрар дербес түркі мемлекетін құруға Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи, экономикалық, мәдени-тұрмыстық ортақтастығы жеткілікті негіз бола алады деген дұрыс пікірде болды. Соңғы кезге дейін Тұрардың осы көзқарасы аса ірі қателік ретінде саналып келді [9, 87б.].

Мұсылман мемлекетін құру туралы бастама ұлыдержавалық шовинизм саясатының толастамауына, білек күшіне сүйенген орталықтағы отаршылардың көптегене-көрнеу зорлығына қарсы жауап ретінде пайда болды. Орталықтағылар Ленин айтқандай ұлттардың өзін-өзі билеу құқы түркістандықтарға іс жүзінде берілсе, олар Ресейден бөлініп, оның ықпалынан біржолата шығып кетеді деп те сескенді. Яғни патшалық Ресей империясының орнын жаңа большевиктік Кеңес империясы басты. Кеңес өкіметі Түркістан халықтарының қолын кісеннен босатқанымен, басына нөқта кигізді, сөйтіп жетекке алды. Қазақстанды тағы да 70 жылдық отаршылдық жайлады... Дегенмен де, әділдік ақыры да салтанат құрды. Кезінде Тұрар армандаған, қазақ халқының егеменді де тәуелсіз мемлекеті қайта шаңырақ көтерді. Бұл қуанышты өмірді Тұрар көрмесе де, Шерханның «Қызыл жебе» романындағы кейіпкер Тұрар көріп куә болып отыр. Бүгінде Тұрар салған соны соқпақты даңғыл тәуелсіздік жолына айналдыру үшін, оның Шерхан інісі республика парламентінде үлкен қайраткерлік танытуда. Іске сәт, Шерхан, Тұрардың әруағы әрқашан жебей берсін! – дейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Прилуцкий С.А. Национально-государственное строительство в Советском Туркестане. 1918-1920 г.г. Автореф. дис... канд. ист. наук. - Ташкент. 1991, 26 с; Кошанов С.А. Большевики в Туркестане: (1918-1922). Доктрина и реальность. Автореф. дис.докт. ист. наук. - Москва. 1995, 28 с; Худайкулов А.М. Просветительское деятельность джаидов Туркестана (конец XIX- начало XX в.в.) Автореф. дисс... канд. ист. наук. - Ташкент 1995,24 с; Ташкулов Д. Основные направления политико-правовой мысли народов Узбекистана в второй половине XIX- первойчетверти XX вв. Автореф. дисс... докт. юрид. наук.- Ташкент,1995. 26 с. и другие.
2. Бочагов А.К. Алаш – Орда. Краткий исторический очерк о национально – буржуазном движении в Казахстане (1917 – 1919 гг.). - Кзыл-Орда: К.С.С.Р, 1927. – 56 с.
3. Қоңыратбаев О.М. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. - Алма-Ата: Қазақстан, 1994. - 448 б.
4. Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане. // Сб. док. и матер. - Шымкент, 2004. - Ч. 2. – 277
5. Қозыбаев М.К. История и современность. Алматы: 1991; Соныкі. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы: Қазақ университеті, 1992. -272 б.
6. Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы. – Алматы: Казахское государственное учебно-педагогическое издательство, 1958. – 325.
7. Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1999. - 279 с.
8. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. –Алматы: Санат, 1998. -320

б.

9. Ш.Мұртаза Қызыл жебе романы 1-ші, 2-ші кітап// kitaptar.kz

Аннотация: Мақалада Тұрар Рысқұлов Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы тарихындағы ерекше роль атқарған мемлекет және саяси қайраткерлердің бірі ретінде қарастырылады. Т.Рысқұлов халқын азаттық жолына бастаған қазақ зиялыларының көш басшысы бола жүріп, күрделі кезеңдерде одан шығудың жолын табуға күш салды. Түркістан Республикасында орыс шовинизміне қарсы күресіп, ұлт мәселесін әділ шешу жолында ымырасыз күрес жүргізді. Тұрар Рысқұловтың бүкіл өмір жолын, мемлекеттік қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеу арқылы оны біз ХХ ғасырдың 20-30-ы жылдарындағы ірі мемлекет қайраткері, халқымыздың арғы-бергі тарихының өзекті мәселелерін зерттеуші, білікті қоғамтанушы, ғалым болды деп білеміз. «Тұрар Рысқұлов – терең ойлы, болашақты болжай білген әлемдік деңгейдегі реформатор тұлға. Ол – экономика, мәдениет, дипломатия, тарих, ғылым, білімнің әр саласын жете меңгерген аса талантты адам. Тұрардың оқу-ағарту саласына сіңірген еңбегі де орасан зор.

Abstract: The article reveals the merit of doctor of historical and archaeological Sciences, Professor, academician of the Academy of Sciences of Turkmenistan, outstanding archaeologist and historian-orientalist M. E. Masson in the study of monuments of Kazakhstan, the development of archaeology of Central Asia and Kazakhstan, contribution to the formation of the Museum business of Shymkent.

The scientist made an undeniable contribution to the study of historical geography and archaeological topography of Central Asian cities, the history of local architecture, fine and applied arts, numismatics, history of mining and metallurgy, hydrology and meteorology of Central Asia

In the conditions of revival of national consciousness of the Kazakh people, strengthening of sovereignty and independence, opportunities to reconsider old dogmatic views on history and culture of the people open

A significant contribution to this process is made by museums, which are the main repositories of spiritual and material values accumulated over many centuries.